

мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етін қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған». Ата-бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұрасы – ұлттық ойындарымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі өсіп келе жатқан жас буынға үйрету, ұлттық құндылығымызды әрі қарай жандандыру бізге, дене шынықтыру мамандарына үлкен міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, 1991 жыл. —176 бет. ISBN 5-625-01063-3
2. Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "Сөздік-Словарь". ISBN 9965-822-57-3
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9
4. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, 1991 жыл. —176 бет. ISBN 5-625-01063-3

Садықов К.И., м.ғ.д.профессор
Иманбетов А.Н., п.ғ.к., қауымдастырылған. профессор
Саликов Ж.К., п.ғ.м. аға оқытушы
Бөкетов Қарағанды университеті, Қарағанды
Садыкова А.Е., аға оқытушы
ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды

ЖАСӨСПІМДЕРДІ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖАС САРБАЗ СЫНЫПТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация: Жалпы білім беретін оқу орындарында «Жас сарбаз» сыныптарының жасөспірімдерге отансүйгіштік тәрбие беруде, оларды саяси моральдық-психологиялық жағынан тәуелсіз, отанына шынайы берілген патриоттық қасиеттерді бойына сіңірген, Отанымызды қорғауға қашанда дайын жаңа Қазақстанның болашағы үшін, Мәңгі Ел болуда отансүйгіштікке баулитын және оның негізі болып табылатын бірден – бір өмір мектебі аталмыш сыныптар екендігі баяндалған.

Кілт сөздер: Жас сарбаз сыныптары, жасөспірімдер, патриотизм, отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі, алғашқы әскери және технологиялық дайындық.

Sadykov K.I., M.D. professor
Imanbetov A.N., candidate of pedagogical sciences, decree Professor
Salikov J.K., master of pedagogical sciences senior teacher
Karaganda Buketov University, Karaganda
Sadykova A. E., senior teacher
Karaganda Academy named after B. Beisenov of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Karaganda

THE ROLE OF YOUNG SOLDIER CLASSES IN EDUCATING TEENAGERS TO PATRIOTISM

Abstract: In educational institutions of general education, youths of the "Young Soldier" classes are given patriotism education, they are politically, morally and psychologically independ-

ent, they have imbibed patriotic qualities that are truly devoted to the motherland, they are always ready to defend our motherland for the future of the new Kazakhstan, and they are instilled with patriotism and are the basis for becoming an Eternal Country. It is stated that these classes are one and the same school of life.

Key words: Young soldier classes, teenagers, patriotism, patriotism, Armed Forces of the Republic of Kazakhstan, military service and the status of military personnel, initial military and technological training.

Жаңа, Мәңгілік Қазақстан жастарырын елжандылыққа тәрбиелеуде жалпы білім беретін орта мектептерде оқу үдерісін ұйымдастырудың алатын орыны ерекше екені белгілі. Кәзіргі геосаяси жағдайдың шиленіскен Азербайжан мен Армения, Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыстар, отансүйгіштік мәселелерінің мектеп қабырғасынан бастап арнайы қолға алынып заман талабына сай тәрбиелік іс – шаралардың ұйымдастырылуының аса қажет екендігін көрсетеді. Сондықтан қазіргі заманауи жағдайда ең алдымен, оқып тоқумен қатар білім жинақтап білімділікке үйрету қажеттілігімен қатар отансүйгіштік іс – шараларын арнайы сыныптарда ұйымдастыру мәселелерінің көкейкестілігі жоғары екендігі жайлы сұрақтар туындап отыр. Тәрбиессіз берген білім - адамзаттың қас жауы деп Әбу Насыр Әл – Фараби бабамыз айтқандай, оқу үрдісі Отансүйгіштік тәрбиемен ұштасып жататын болса, бұл біздің үлкен жетістіктеріміздің бірі деп айтуға болады, себебі қазіргі заманғы сауатты, бәсекеге қабілетті, өз елінің шынайы патриоттарын тәрбиелеу мен оқыту біздің, яғни мектеп ұстаздарымен университет оқытушыларының өзекті және негізгі басты міндеттері болып табылады.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдістідері білім алушыларға құбылыстардың себептеріне толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдайлар жасайды деседі, уақыт тапшылығы немесе тағы басқа көптеген себептерге байланысты патриотизм мәселелері кенже қалып қоюы әбден ықтимал. 2018 жылғы Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: табыс пен жұмыс сапасын артыру атты Қазақстан Республикасы халқына жолдауында «Біз тәуелсіздік жылдарында көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік дей отыра, келесі жыл «Педагог мәртебесі» туралы заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын, жастар мен отбасы институтына кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қатитын әлеуметтік сатының ауқымды платформсын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын. Бойскаут қозғалысы сияқты «Сарбаз балалар» - жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери – патриоттық тәрбиенің рөлін күшейткен жөн деп айтқан болатын[1].

Міне осы жолдаудан бастап жалпы білім беретін орта мектептер, лицей және гимназияларда алғашқыда «Кадет сыныптары» атымен кейін еліміздегі отансүйгіштік іс - шараларын ұйымдастыруға мұрындық болып ат салыса қатынасатын патриоттық - қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары бойынша «Жас сарбаз» болып сыныптар ашыла бастады. Мектептердегі жас сарбаз сыныптарындағы оқушыларды әскери мамандығына кәсіби тұрғыда бағдарлау мақсатында жоспарға сай жүргізілудегі сабақ барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технолагиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді. Шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп қуаттана марқаяды, көкейкесті мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Бұл сыныптардағы білім беру бағдарламасына сәйкес патриоттық тәрбие берудің өзектілігін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға

дағдыланады, әскери пәндерге қызығушылығы артады, жалпы және әскери ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін болашақта әскери маман болуға дайындайды. Жас сарбаз сыныптардағы алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағы барысында оқушылар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің даму тарихымен, мінездемесін, ерекшеліктерімен танысады, «Қазақстан Республикасының Қорғанысының және Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының басқармасы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі», туралы т.б. заңдармен қаулылары, әскери ант пен әскери жарғылардың талаптарын оқып үйренін, атыс қаруларының үлгілерімен жете танысып, азаматтық қорғанысқа қажетті мәлеметтер мен іс-қимылдарға үйренеді[2].

Дегенмен бұндай өзекті шаруаны жүзеге асыру, әскери істерге баулу мен патриоттық тәрбие берудің сапасы, осы істердің ұйытқысы болып табылатын алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы – ұйымдастырушының білімі, ұйымдастырушылық қаблетімен біліктілігіне көп байланысты. Әйтседе қазіргі жағдайда жас сарбаз сыныптарында жүргізілетін жұмыстар мен патриоттық іс – шаралар заманауи талаптарға сай болуы, үшін жан – жақты ізденістер жасап, тер төгіп көп еңбек ету қажет екендігі сөзсіз. Алайда, біздің пікірімізше қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында орта сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру жүйесі өз деңгейінде нақты заманауи сұранысқа сай іске асырылмай отыр. Кеңес үкіметі уақытында патриоттық тәрбие және жалпы осы бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша әскери клубтар іс – шаралар жасап жүзеге асырғаны белгілі. Басты мақсат заман талабына сай «Жас сарбаз» сыныптарда жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруде оларды саяси, моральдық-психологиялық жағынан тәуелсіз Отанымызды қорғауға психологиялық тұрғыда дайындау болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп әкімшілігімен ұстаздардың міндеті оқушыларға саяси және әскери білім бере отырып, Отан сүйгіштік тағы басқа құнды қасиеттерді дарытып, алған білімдері мен патриоттық іс – шараларды ұйымдастыру бойынша үйренгендерін іс жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының қауінсіздігі әскери құрылымдарды нығайту арқылы ғана емес, әр азаматымыздың осы жауапты іске тікелей қатысуымен іске асырылатынын әрбір жасөспірім ұл мен қыз жете түсінуі тиіс. Отанымыздың қауінсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау үшін біздің пікірімізше әрбір оқу орны ұжымы мынадай педагогикалық талаптарды жүзеге асыруы тиіс:

-әскери-патриоттық тәрбиені жалпы мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі бөлімі деп қарастырып, оны басқа тәрбие жұмыстарының түрлерімен тығыз байланыста жүргізу;

-әскери-патриоттық тәрбиені оқушылардың жас ерекшеліктеріне, жеке қасиеттері мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі әдіс – тәсілдерді пайдаланып отырып заманауи талаптар бойынша түрлендіре жүргізу;

-әскери-патриоттық тәрбиені саяси, адамгершілік, еңбексүйгіштік, эстетикалық және дене тәрбиесімен ұштастыра жүргізу;

-әскери-патриоттық тәрбиеде оқушылардың отансүйгіштік іс – шараларды ұйымдастыру және жүргізу бағыттары бойынша бастамалық, т.б. ұсыныс пен талап-тілектеріне көңіл бөліп ескеру.

Бұл тәрбиелік әдістерді таңдау кезінде оқушылардың көзқарастары мен мүмкіндігін, мұғалімдердің дайындығын, оқу орындарының материалдық базасын, әдістемелік және материалды – техникалық жағынан көмек бере алатын жақын маңайдағы әскери бөлімдер мен кәсіпорындардың болуын есте ұстаған жөн. Ең бастысы, бұл шаралардың патриоттық тәрбиелік мақсаты мен жүгізілу әдісін таңдап алып, дайындық жұмыстарында ересектердің (мұғалімдер, ата-аналар мен шақырылғандар) және оқушылардан алар орнын белгілеу.

Жалпы әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары түрлерінің мектептерде кенінен тарап, жиі пайдаланатын тәрбиелік әдіс - тәсілдері мыналар: баяндамалар, оқырмандар конференциясы, тақырыптық әңгімелесулер (Қазақстан. Қарулы Күштерінің әдет-ғұрпы, ерлік жолы, әскери ант, әскери борыш, әскери мамандақтар т.б.) саптық ән байқаулары, тақырыптық кештер.

Баяндамалар мен әңгімелесулерді бейнетаспалар мен магнитті таспаларға жазылған фрагменттер, әдеби кітаптардан үзінділер келтіре отырып жүргізген абзал. Елеулі күндерге арналып өткізілетін шараларға ата-аналар, мамандар, офицерлер мен жауынгерлер, ардагер ақсақалдарды қатыстыру нұр үстіне нұр болары даусыз. Сонымен қатар басқада оқу орындармен пікір таластырып, тәжірбие алмасуы мақсатында «zoom» немесе тағы басқа онлайн жүесін кеңінен пайдаланып Республикамыздың алдыңғы қатарлы «Жас сарбаз» сыныптары бар оқу орындарымен білікті мамандар және тұлғатанушыларды қатыстыра отырып дөңгелек үстел өткізуде өз жемісін берері даусыз.

«Жас сарбаз» сыныптарында пайдалануға болатын әскери-патриоттық жұмыстардың ұмытылып бара жатқан тағы бір түрі облыс, аудан, қала, ауылдық көлемдерде ұйымдастырылатын еңбек, ерлік даңқын дәріптеу орындарына саяхаттар ұйымдастыру. Бұл үшін шығынданып алысқа баруының қажеті шамалы. Осыларды зерттеу, материалдар жинастыру оқушылардың өз жерін, елін-жұртын жете білуге, ата-баба ерлігін мақтан тұтуға тәрбиелейді, әрі өлкетану жұмысымен тығыз байланысты болғандықтан Отансүйгіштік, туған табиғатқа деген көзқарастың дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Жинақталған материалдар мектеп музейлері мен Даңқ залдарын жасақтауға көп көмек етеді[3].

Жас сарбаз сыныптарында Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағының тиімділігін арттыру мәселесі көптен бері қарай зерттеліп келе жатқан мәселелердің бірі болғанымен мектептердегі сынып оқушыларының патриоттылығын бағыттылығын қалыптастыру қажет екендігі өзекті мәселелі болып отыр. Сондықтан жас сарбаз сыныптарында патриоттық тәрбие жұмыстары арқылы сабақтың тиімділігін арттыру мүмкіндігі бар екендігін байқадық. Дегенмен төмендегідей ұсыныстырды ескеру қажет екендігі күмән келтірмейді.

1. Жалпы білім беретін орта мектептердегі жас сарбаз сыныптарда патриоттық тәрбие жұмысына қатысты еңбектерді зерделеу мен мақалаларды зерттей келе жалпы патриоттық тәрбие жұмысының жас сарбаз сыныптардағы оқушы жастарға ықпал етуінің өкінішке орай толықтай пайдаланылмай келе жатыр деп айта аламыз. Қазіргі кең ауқымды ақпарат заманында оқу үрдісі оқушылар өмірінің барлық тұстарын толық қамти алмайды әсіресе практикалық дайындықты қажетті деңгейде жүзеге асыру мүмкін емес.

2. Мектеп оқушыларының жас және жеке ерекшеліктері мен білім алу кезеңінде олардың педагогикалық санасы мен іс - әрекеті, сенімі, наным мен әдет-дағдылары стихиялы түрде, бір ғана өз тәжірибесі негізінде қалыптасуы мүмкін емес. Сол себепті жоғарыда айтылғандар ескеріле отырылып арнайы жас сарбаз сыныптарда оқушыларда патриотизмді қалыптастырып дамытатын заманауи тәрбие жұмыстары болуы керек.

Біздің пікірімізше бұл мәселенің кейбір тұстарын тәрбиені білім қалыптастыру үрдісімен ұштастыру, тұлғаның іс - әрекеті мен наным, сенімін мамандыққа бағыттау жұмыстарымен байланыстыру арқылы біршама шешуге болады. Нақтылап айтсақ, тұлғаның болашақ мамандығын оның адамгершілік, құлықтық қасиеттерімен байланыстырып, қабілеттері мен сапаларын соған сәйкес дамытуды көздеу - сабақтан тыс тәрбие жұмысының негізгі арқауы болуы керек.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні арнайы білім, біліктер мен дағдылар қалыптастыру, әдістемесін меңгеруге бағытталса, жалпы білімі дүниеге көзқарасымен кәсібіне болған мәмілесін қалыптастыруға, оны болашақ мамандығымен байланыстыруға, мамандыққа бағыт беру өзін маман ретінде дамытып қалыптастыру, соған сәйкес қабілет, қасиеттерін дамыту, өзін - өзі тәрбиелеу және ізденуіне мүмкіндік береді. Осылардың барлығын зерделей келе, жалпы педагогикалық бағыттылықтың құрылымы, мазмұны және ұстанымдарын нақтылауға мүмкіндік берді.

Міне, бұл жерде де патриоттық тәрбие жұмысы түгіл, сабақтың тәрбиелік қызметіне қатысты да пікірлер көре алмаймыз. Осыдан барып, оқытудың мазмұны ғана емес, мектеп оқушыларының патриоттық бағыттылығын қалыптастырудың, әдістері мен тәсілдері, патриоттық тәрбие жұмыстарының мазмұны мен іс-шараларды өткізу сипатына мән беру керек екені басты мәселе екендігі белгілі болды[4].

Бұл мәселені кәсіптік тұрғыда қарастырсақ зерттеушілердің кейбіреулері мұны қызығу және бейімділікпен, ал кейбіреулері қызығу және қажеттенумен байланыстырады. Әскери патриоттық тәрбие бағыттылықты қалыптастыру - тұлғаның сапасы әлеуметтік алғышарттарымен байланысты болумен бірге мамандыққа даярлауға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде басты орынға ие. Қазіргі кезде әлемдегі геосаяси жағдайларға байланысты, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағының оқу үрдісін қайта құру мәселелерін шешуде оқушыларға патриоттық тәрбие беру мәселесіне тиісті дәрежеде мән берілмей келеді. Айталық, кейінгі кезде жарық көрген жоғары мектеп және орта мектеп, колледждердің тұжырымдамаларында жастарға тәрбие беру туралы нақты аталып ерекше белгіленбеген.

Бұл құжаттарда патриоттық тәрбие жұмысының кәсіптік және педагогикалық бағыттылығы туралы сөз қозғалмайды. Осы мәселелерді зеріттеген ғалымдардың еңбектеріне мән берін қарасақ, патриоттық тәрбие жұмысы оқу үрдісінің жалғасы іспетті сабақ үстінде алған білім, біліктерін тереңдету, таңдап алған мамандығына тән қабілеттері мен қасиеттерін дамытып қалыптастыруды көздеуі керек.

Мұнда тұлға алдымен іс - әрекет мақсатын айқындап алады да, одан соң арнайы ұйымдастырылған мотивациялық ауқымда өз мінез-құлқының нашар жақтарын, қаншалықты күшті болса да, басып тастау арқылы реттей алады - деген ғылыми тұжырымға негіздей отырып және де педагог, психолог ғалымдардың тұлға мотивтерін қалыптастырудың маңызы жайлы еңбектеріне сүйене отырып, патриоттық тәрбие жұмыстары арқылы жасөспірімдердің болашақ мамандығына бағытталған мотивтер қалыптастыру қажет екендігін байқадық.

Оларға ізгілікті мотивтер – бала кезінен қалыптасатын қасиеттерімен байланысты және оны ары қарай дамыту мүмкіндігі бар, тұлғалық мотивтер оқу- тәрбие үрдісінде қалыптасып өзінше жеке сипаттар мен қоса өз қабілеттерін іс жүзінде тексеру, пайдалану, өзін жетілдіру, дамыту және басқалардың пікіріне мән беру секілді басқа да көптеген бағыттылықтармен сипатталады, ал іскерлік мотивтер - тұлғаның іс-әрекетінде көрініс береді. Солардың ішінде аса маңыздысы тұлғаның мамандыққа бағытталуы болып ол жас өспірім (бозбала, бойжеткен) кезінде байқалады.

Өмірдің бұл кезеңінде тұлға ішкі және сыртқы сипаттары жағынан қайта жанғырады. Әлеуметтік - құлықтық, оқу және тәрбие секілді факторлардың ықпалы нәтижесінде тұлғаның кәсіби бағдары, өзін танып - білуі және өмірлік бағдарын анықтауы жүзеге аса бастайды. Педагогикалық сөйлеу дегеніміз - айтқан сөзінді тыңдата білу, сол арқылы оқушының іс - әрекетіне, мінез - құлқына, жүріс - тұрысына іс - қимылына басшылық ету.

Қазіргі жастардың құндылық бағдары мен мотивтерінің өзгергендігін байқаймыз, мысалы, жастардың басым көпшілігі материалдық байлықты басты құндылық деп санайды, мамандық таңдауға келгенде экономика мен заң саласын, одан соң басқару қызметін таңдайтыны ал, ең соңғы орындарда мұғалім мамандығы тұрғаны ешкімге жасырын емес.

Осының өзі-ақ Кеңес Одағы кезінде жүргізген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелеріне олардың сәйкес келмейтінін көрсетсе, тағы бір жақтан педагог мамандығына мотивтері немесе қалауы негізінде емес көп жағдайда кездейсоқ не болмаса материалдық жағдайына (оған оқу арзан) байланысты келе қоймайтыны, кейбіреулердің, нақты ғылымдарды меңгеруге құлқы жоқтығы себепті осы мамандықты таңдайтыны белгілі болды.

Тәрбие жұмыстары арқылы мектеп оқушыларының патриоттық бағыттылығын қалыптастыру үшін арнайы кәсіби бейімделген бағдарлама жоспар арқылы оның мазмұнын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдерін (технологиясын) анықтап алу қажет. Одан жас сарбаз сыныптардағы оқушылардың мотивтерін қалыптастыру үшін белгіленген мазмұн арқылы, көрсетілген шарттарды ескере отырып жүзеге асыру қажет деп білеміз.

Сонымен жоғарыда айтылған пікірлерге орай, бүгінгі күні жалпы білім білім беру жүйесінің басты міндеті – жас жеткіншек жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуын, оның кәсіби білікті маман болып жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, ана тілін, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау, салауатты өмір салтын насихатап - дәріптеу нәтижесінде денсаулығын нығайту, жас сарбаз

сыныбында оқып патриоттық тәрбие алу нәтижесінде Отан қорғауға дайын болу секілді құндылықтарын іске асыру және қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді жас сарбаз сыныптарында білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады[5].

Еліміздің болашағы – ұлттық және адами құндылықтарды меңгерген, сонымен қатар елжандылық негізде тәлім-тәрбие алған отансүйгіш азаматтар. Қазіргі жаһандану заманында құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Өйткені рухани - адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиеттерінің өлшемі, оның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, дұрыс өмір сүру жайында ізденуі, өзін-өзі бағалап, сол арқылы әлемді тануы. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздігі болып табылады. Дана халқымыз қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы елі мен жұртын қорғайтын, батырлар ісін, ерлік өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу деген болатын.

Міне, осындай мақсаттарға жету, тәрбие мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді. Яғни оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ізденімпаз, белсенді, танымы жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Ендеше мектептегі орта сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің маңызы зор. Өкінішке орай сараптамалық бақылаулар бойынша қазіргі таңда Қарағанды облысында 506 жалпы білім беретін мектептер жұмыс жасайтын болса, олардың тек он пайызы ғана «Жас Сарбаз» бағдарламасы бойынша оқытып тәлім - тәрбие береді. Бұл дегеніміз қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайда, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ таза ұрпақ тәрбиелеуде, ар - намыс, атамекен сияқты киелі түсініктермен байланыстыру болашаққа бағыт сілтеу оқушылар көкейіне елжандылық, Отансүйгіштік ой сала білетін заманға талабына сай, қоғамға қажет азамат және елге қызмет ететін қайраткерлер тәрбиелеуде көптеген қиындықтар туғызады. Себебі қазіргі әлемдегі халықаралық жағдайлардың өршуі, мұндай жағдайларға селқос қарауға болмайтыны ескертіп отыр. Патриоттық іс – шаралар қашанда жаңа Қазақстанның болашағы үшін Мәңгі Ел болу үшін жастарымызды отансүйгіштікке баулитын бірден – бір өмір мектебі десек, «Жас Сарбаз» сыныптары оның негізі болып табылады.

«Ел болам десен бесігіңді түзе», деп айтқан дана халқымыздың нақыл сөздерін ескеретін болсақ, ел боламыз десек етек - жемімізді жиып, қандай болмасын келеңсіз жағдайларға тас түйін дайын болуымызды қажет етеді.

Алайда, бүгінгі қозғап отырған мәселеде Отанымыздың келешек белсенді мүшелері – қазіргі жасөспірім - боз бала ертеңгі Отан қорғаушыларымызға ата-баба дәстүрлерінің озық үлгілерін саналарына орнықтырып, бала кезінен бойына сіңіріп, ойына ұялату бүгінгі таңдағы ең басты мәселе ретінде қарастырылды. Сондықтан «Жас Сарбаз» сыныптарында берілетін оқу – тәрбие нәтижесінде баланың жасөспірім кезінен бастап, ұлттық қасиеттерді бойына шынайы ұялата білсек, тек сонда ғана келешекте біз өз ұлтын сүйетін, батырлық рухы жоғары дамыған, еліміздің гүлденіп - көркеюіне өз үлесін қоса алатын болашақ Отан қорғаушы жастарды тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: табыс пен жұмыс сапасын артыру. Н.Ә. Назарбаев атты Қазақстан Республикасы халқына жолдауы. Егемен Қазақстан, 6 қараша 2018ж.
2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы //Егемен Қазақстан. - 2005.-12 қаңтар (6). -4б.
3. А.Тайжанов, А.Түсіпқалиев. Zkgma.kz/ru.indeks. М.Оспанов атындағы БҚММ «Патриоттық тәрбие - отаншылдық кепілі» 26 шілде 2012 жыл.

4. Базарғалиев Ғ.Б. Халел Досмухамбетовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары: автореф....п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін.13.00.01. - Атырау, 2002. - 26.

5. Қалиев Ж.Н. Ұлы Даланың патриот ұл-қыздары!. Мұғалімдерге және ата-аналарға арналған көмекші құрал. – Астана, 2005. - 35 б.

Садыкова А. Е., аға оқытушы
ҚРІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды
Садыков К.И., м.ғ.д.профессор
Біраяқ Ж.Б., п.ғ.м. оқытушы
Утебаев А.Д., магистрант
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘСКЕРИ СПОРТТЫҚ КЛУБТЫҢ АЛАТЫН ОРЫНЫ

Аннотация: Жалпы білім беретін орта мектептермен жоғарғы оқу орындарында жастарды патриотизм – отансүйгіштік тәрбиелеуде әскери спорттық клубтын алатын орынымен, қазіргі жаһандану заманында діни экстремизм немесе басқадай қоғамға жат келенсіз жағдайларға жасөспірімдердің бой алдырмауы үшін арнайы ұйымдастырылған қолданбалы әскери спорт түрлерінен өткізетін сайыстары және білікті мамандармен тұлғатанушылардың қатынасуымен ерлік пен патриотизм жайында өткізілетін дөңгелек үстел, ерлік сабақтары немесе пікір алмастыруылардың алатын орыны сипатталған.

Кілт сөздер: Патриотизм, отансүйгіштік, әскери спорттық клуб, жасөспірімдер, оқушылар мен студенттер, дөңгелек үстелдер, әскери – патриоттық тәрбие.

*Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдында қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезіммен жігерленіп, өзіңді саналы түрде қауіп – қатерге бас тізуге мәжбүр етудің нәтижесі.
Бауыржан Момышұлы.*

Sadykova A. E., senior teacher
Karaganda Academy named after B. Beisenov of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Karaganda
Sadykov K.I., doctor of medical sciences, professor
Birayak J.B., master of pedagogical sciences, teacher
Utebaev A.D., graduate student
Karaganda Buketov University, Karaganda

THE PLACE OF THE MILITARY SPORTS CLUB IN EDUCATING YOUNG PEOPLE TO PATRIOTISM

Annotation: The role of the military sports club in educating young people in patriotism and patriotism in general secondary schools and higher educational institutions, the competition of applied military sports specially organized to prevent teenagers from succumbing to religious extremism or other anti-social situations in the modern era of globalization, and the interaction of qualified specialists and personality scientists. and the role of the round table, courage lessons or exchange of opinions held on patriotism is described.

Key words: patriotism, patriotism, military sports club, teenagers, pupils and students, round tables, military-patriotic education.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге